



Бекітемін

«Сырдария» университетінің ректоры м.а.
философия докторы (PhD)

Б.С. Токмурзаев

2021 жыл

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

ҚЫЗМЕТТІК НҰСҚАУ

ҚН-08-21

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ПРОРЕКТОР

АЛҒЫ СӨЗ

1. Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімімен
ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Өзірлегендер – Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг
бөлімінің басшысы Ж.Д. Абдуллаева
3. Келісілді – Кадр бөлімінің басшысы Л.С.Исаева
4. «Сырдария» университеті Ғылыми кеңесінің 39 тамағыз 2021
№ 1 мәжілісінде талқыланып мақұлданды
5. Енгізілді – 2021
6. Тексерілу мерзімі – 2023

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Жетісай, 2021

«Сырдария» университеті		ҚН-08
Сапа менеджменті жүйесі	Қызметтік нұсқау	3-нұсқа
Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор		4 беттің 2-беті

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 «Сырдария» университетінің тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры басшы санатына жатады, университет ректорының бұйрығы негізінде қызметке тағайындалады және босатылады.

1.2 Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор тікелей университеттің ректорына бағынады.

1.3 Өз қызметі барысында тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор төмендегі құқықтық нормативтік актілер мен құжаттарды басшылыққа алады:

- өз қызметіне байланысты құқықтық және нормативтік құжаттарды;
- университет жарғысын;
- университеттің ішкі тәртіп стандартын;
- университет ректорының бұйрықтары мен өкімдерін;
- осы қызметтік нұсқауды.

1.4 Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор жұмыста болмаған уақытта, оның міндеттерін тиісті түрде орындауға толық жауапкершілікте болатын, белгіленген тәртіппен тағайындалған тұлға атқарады.

1.5 «Сырдария» университетінің тәрбие жұмыстарының нәтижесіне тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор толық жауапты.

2 БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАР

2.1 Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасар үшін: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, ғылыми дәреже немесе магистр академиялық дәрежесі тәрбие жұмысы бойынша кемінде 3 жыл еңбек өтілінің болуы тиіс.

2.2 Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын және жоғары оқу орнының білім беру, ғылыми, өндірістік-шаруашылық, қаржы-экономикалық қызметін регламенттейтін басқа да нормативтік-құқықтық актілерді жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау саласындағы әдістемелік материалдарды, жоғары оқу орны саласының техникалық және ғылыми дамуының болашағын, жоғары оқу орнының кадрлық ресурстарын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (қосымша білім беру) саласындағы шетелдік білім беру мекемелерінің ғылыми жетістіктері мен алдыңғы қатарлы тәжірибелерін, еңбек заңнамаларын, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын.

3 МІНДЕТТЕРІ

Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор міндетті:

3.1 Тәрбие үрдісі бойынша тұжырымдамалар түзуге, бекітуге ұсынуға, олардың орындалуын бақылайды;

- тәрбие және әлеуметтік мәселелермен айналысатын құрылымдық бөлімдердің жұмысын басқарады;
- факультет декандарының, кафедра меңгерушілерінің, топ эдвайзерлерінің тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелермен шұғылданатын басқа да қоғамдық құрылым өкілдерінің есептерін тыңдайды;
- факультет пен кафедраның тәрбие жұмыстары жөніндегі жоспарларының, эдвайзерлердің топ жоспарларының, Syrdariya Students' Union мен тәрбие жұмысымен айналысатын басқа қоғамдық құрылым өкілдерінің іс-шара жоспарларының сапасы мен орындалуын тексеруді ұйымдастырады. факультеттердің тәрбие жұмысының есебін тыңдайды;
- университет ауласында темекі шегуге және пісте шағуға, спирттік ішімдіктер ішуге қатаң тиім салады;

«Сырдария» университеті		ҚН-08
Сапа менеджменті жүйесі	Қызметтік нұсқау	3-нұсқа
Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор		4 беттің 3-беті

- қызметтік ақпараттардың құпиялығын қамтамасыз етеді; университеттің ішкі тәртіп ережесін сақтайды;
- қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтауға;
- қызметтік этиканы сақтайды;
- қабылданған шешімнің нәтижесіне жауапкершілікті сезініп ұйымның жеке бағыттағы қызметін ұйымдастыру-шаруашылық, қаржылық-экономикалық қызметін ұйымдастырады;
- қызметтің берілген бағыты бойынша бюджет, мемлекеттік бюджет емес қорлар, кредиторлар, тапсырушылар, жеткізушілер алдындағы барлық міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді;
- Сеніп тапсырылған бөлімшелерде қолдану саласындағы соңғы жетістіктер, жаңа техника мен технологияны, білімнің отандық және шетелдік тәжірибесін, ілгерінді басқару мен еңбекті ұйымдастыру, сала негізінде басқаруды ұйымдастырады;

Сеніп тапсырған бөлімшелерді білікті кадрлармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің үнемі біліктілігін арттыру мәселесін шешеді. Басқарудың экономикалық және әкімшілік әдістерін дұрыс үйлесуін қамтамасыз етеді, қызметкерлердің тиімді жұмысына моральдік және материалдық ынталандыру қағидаттарын қолданады. Білім ұйымдарының және құрылымдық бөлімшелердің қызметі тиімді болу үшін инновациялық технологиялармен қамтамасыз етеді. Сеніп тапсырған бөлімшелердің қызметі үшін дербес жауапкершілікті танытады.

4 ҚҰҚЫҒЫ

Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор құқылы:

- 4.1 Жұмысына қатысты университет басшылығының шешім жобаларымен танысуға;
- 4.2 Осы нұсқаудағы көрсетілген міндеттерге байланысты өз жұмысын жақсарту мақсатында басшылыққа ұсыныстар, пікірлер енгізуге;
- 4.3 Университет құрылымдық бөлімшелерінің басшыларынан қажет болған жағдайда мәлімет, құжаттар алуға;
- 4.4 Өзінің қызметтік міндеттері мен құқықтарын жүзеге асыру үшін университет басшыларының ықпал етуін талап етуге;
- 4.5 Белгіленген тәртіпте тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелері бойынша өткізілетін жиналыстар мен семинарлар жұмысына қатысуға.

5 ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Тәрбие жұмысы жөніндегі проректор жауапты:

- 5.1 Осы қызметтік нұсқауда көрсетілген міндеттерін, орындамаған жағдайда, ҚР-ның қазіргі таңдағы заңды күшіндегі еңбек заңдылығына сәйкес шаралар қолданылады;
- 5.2 Қазіргі таңдағы күші бар ҚР-ның әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңдылықтары шегінде материалдық шығын келтіргені үшін;
- 5.3 Сапасыз жұмыс пен қате іс-әрекет істегені, сондай-ақ, қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз міндетіне жататын шешімдерді қабылдамай, әрекетсіз қалғаны үшін;
- 5.4 Қызметтік этиканы сақтамағаны үшін;
- 5.5 Қауіпсіздік техникасының ережесін бұзғаны үшін;
- 5.6 Қызметтік мәліметтердің құпиялығын сақтамағаны үшін.

КЕЛІСІЛДІ

Кадр бөлімінің басшысы:

Л.С. Исаева

